*In this article the author considers the crimes against sexual freedom and sexual integrity as «prescribed by the criminal law socially dangerous acts, grossly violating the established social way of sexual intercourse by abuse of sexual freedom of adults and the sexual inviolability of the person, the normal physical and mental development of persons who are not under 16 or 14 years of age».*

*We believe that the study of foreign experience in regulating liability for sexual abuse will identify promising areas of improvement of Kazakhstan's criminal legislation in this area.*

ӘОЖ 343.851.5

**P. A. Orsaeva**

з.ғ.к., С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Мемлекеттік университетінің доценті, Өскемен қ.  
e-mail: r\_orsaeva\_60@mail.ru

**КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БАСТЫ МАҚСАТ РЕТІНДЕ**

*Мақалада автор кәмелетке жасы толмағандардың құқықтық санасына талдау жасайды. Құқықтық сананы зерделеуге байланысты ескерту, алдын-алу шаралары жан-жақты қаралып, қылмыстық құқық бұзушылықпен күрес жүргізудің тиімділігі мәселелері сараланады.*

*Кілтті сөздер: қылмыстық құқық бұзушылық, құқық сана, зерделеу, алдын-алу, тиімділік.*

КІРІСПЕ

Соңғы жылдары қылмыстық құқық бұзушылық пен қылмыстық теріс қылықтың көбейгені соншалық, біз емес, «статистика» сөйлейтін дәрежеге жетті. Қылмыстық құқық бұзушылықтар мен қылмыстық теріс қылықтың алдын-алу мәселесі – күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселеге айналып отыр десек, артық айтпаған болар едік. Сондықтан, кәмелетке жасы толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтарын ескерту, алдын-

алудың маңызы зор. Себебі, болашақта ересек қылмыскерлердің «орнын» басып, жалпы қылмыстылықтың санын толықтыратын осы жасөспірімдер болатын болғандықтан, олардың қолымен жасалатын қоғамға жат әрекеттерін ескерту, алдын-алу – басты мақсат.

Қылмыстық құқық бұзушылықтарды түп-тамырымен жойып жіберу мүмкін емес, десек те, жасөспірімдердің қолымен жасалған қоғамға жат әрекеттеріне әртүрлі профилактикалық іс-шаралармен әсер етсек, сол арқылы жалпы қылмыстылықтың санын азайтсақ, істелген, істелер істердің нәтижесінің болғанын көрер едік. Істелген, істелер істердің нәтижесінің болуы – көмелетке жасы толмағандардың бойында жалпы жауаптылыққа көзқарасын қалыптастыратыны сөзсіз.

Жауаптылық қашанда кез келген ісін нәтижесінің кепілі іспеттес. Жауаптылыққа қоса, құқықтық сана мен құқықтық білімділіктің қатар жүріп, бала бойында қалыптасуы, біздің пікірімізше, өз тиімділігін береді. Ендеше, аз-кем саралап көрелік...

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Құқықтық білімділік бүгінгі күн талабы. Құқықтық сананы қалыптастыру – құқықтық білімділікті жетілдіруді талап етсе керек. Құқықтық білімділік пен құқықтық сананы егіз ұғым ретінде алып, бірін-бірі толықтырып отыратын «күш» ретінде қарастырсақ, артық болмаған болар еді. Себебі, сананың толысуы білімділік арқылы келсе, білімді болу сананың қалай қабылдап, «қортуына» байланысты екені өмір шындығы. Сол шындыққа жанасқан егіз ұғымның көмелетке толмағандарға қалай әсер ететінін, аз-кем саралап көрелік.

Жарқын болашақ жарқын да жалынды жастарда. Қазақстан мемлекеті болашақты тек жастармен тікелей байланыстырып, жастардың білімдар, зерек, зерделі болуы үшін олардың талаптанып, көп ізденуіне мүмкіндіктер беріп, үнемі жол ашуда. Жастарды қолдау саясаты үздіксіз жұмыс істейтіндіктен, оның нәтижесі де аз емес. Дегенмен де, әлі де болса көп ізденістер мен болашақ істелер істердің ауқымы зор екеніне күмән жоқ.

Жалпы көмелетке толмағандардың болашақта қоғамның белді азаматы болуы үшін, олардың құқық табалдырығын «сүрінбей» аттауы үшін құқықтық сананы үнемі жетілдіріп отыруы керек екені айтпаса да түсінікті. Немесе сол құқықтық сананы үнемі жетілдіріп отыру болашақты терең ойлайтын кез келген жас үшін өмір заңдылығы ретінде қалыптасуы керек сияқты.

Сәл кейін шегініп, құқық теориясында қабылданған құқық санасын зерделесек, жалпы құқық санасының ұғымы біздің әлеуметтік зерделеуіміздің

мақсаттары үшін нақтылауға жеткіліксіз болып шыққанына көз жеткізер едік. Құқық санасының жеткіліксіздігі жас жеткіншектердің өмірде ағаттық істеп сүрінуіне, өкінуіне, өмірдегі өз орнын таба алмай қиналуына алып келіп жататынын өмірлік тәжірибе дәлелдегендей. Қалай десек те құқықтық сананың жетістігі болашақ кепілі десек, арық айтқандық емес.

Сондықтан, құқық санасының толысуы үшін көмелетке толмағандардың құқықтарын білуі, олардың қолданылып жүрген құқыққа қатысы, құқыққа олардың қоятын талаптарының басын біріктіретін жиынтық ұғымы шеңберінде қолданылуы үлкен орын алады.

Көмелетке жасы толмағандардың құқықтық санасын зерделеуге қатысты бағдарлама үнемі жұмыс істеу қажет. Ол үшін зерттеу бағдарламасы жұмыс болжамына қарай жасалынып, теориялық жағдайлар қарастырылуы, алынуы керек. Демек, бақылау тобына алынған көмелетке жасы толмаған құқық бұзушылар мен жасөспірімдердің құқық санасы зерделенеді деген сөз. Бақылау тобына мектеп оқушылары, кәсіптік білім беретін колледж оқушылары, тіпті, жұмыс істейтіндер де алынуы мүмкін. Сондай-ақ, бақылау тобына алынған көмелетке жасы толмаған құқық бұзушылар мен жасөспірімдердің қылмыстық, әкімшілік және қылмыстық-іс жүргізу құқығы саласындағы құқықтық санасы да зерттеледі. Яғни құқық сананың қандай деңгейде екендігін анықтау арқылы болашақта қылмыстылықты жойып жібермесек те алдын-алу шараларымен қамтамасыз етеріміз сөзсіз.

Айта кетер нәрсе, көмелетке толмағандардың құқықтық санасын зерделеу басты мақсат ретінде қарастырылып отырса, күба-күп болар еді. Алайда тәжірибеге сүйенер болсақ, жалпы сананы зерделеу, соның ішінде жасөспірімдер құқықтық санасын зерделеу күнделікті жүріп жатқанмен нәтижесі баяулау екенін көрсеткендей. Олай деуге себеп, құқықтық сана мен құқықтық білімнің төмендігінен күнделікті жасөспірімдер қолымен жүзеге асып жатқан қылмыстық құқық бұзушылықтардың көбеюі.

Құқықтық білімнің салдарынан 14 жасқа дейінгі яғни 9-13 жас аралығындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарға барған жасөспірімдер аз деп айта алмаймыз. Жалпы 9-13 жас аралығындағы жасөспірімдер құқық бұзушылығын зерттеген ғалымдар саусақпен санарлықтай. Бұл белгілі педагогтар мен социологтардың жасөспірімдер құқық бұзушылығын зерттесе де, аз зерттегенін дәлелдей түссе керек. «Педагогика» журналы соңғы 14 жылда 1716 ғылыми еңбектің көмелеттік жасқа толмағандар тәрбиесіне арналғанын мәлімдей келіп, осы жұмыстардың 2 %-ті ғана тәрбиеленуі «қиын» жасөспірімдерге арналғанын көрсеткен.

Уақыт тілін сәл шегеріп, 1920-40 жылдар зерттеушілеріне (П. П. Блонский, В. И. Куфаев, П. И. Люблинский) жүгінер болсақ, олар

құқық бұзушы жасөспірімдер заң жағынан ғана емес, сонымен қатар психологиялық-педагогикалық жағынан да зерттеуді қажет ететін басты объект екенін алғаш рет атап көрсетті. Бұл авторлардың пікірінше, жасөспірімдердің құқық бұзуына, одан әрі қылмысқа кадам басыуына басты себеп - әлеуметтік-экономикалық факторлардың әсер етуі.

Белгілі педагог В. А. Сухомлинский кезінде баланы тәрбиелеудің екі қайнар көзі бар екенін атап көрсеткен болатын. Біріншісі-оқушыға, тәрбиеленушіге, саналы түрде әсер ету екіншісі-баланы қоршаған «күрделі» орта [1]. В. А. Сухомлинский көзімен қарайтын болсақ, біріншіден, тәрбие жан-жақты, нәтижелі болу керек, екіншіден, баланы «қоршаған ортасы», өмірдің көлеңкелі жақтарының әсер етуі-белгілі мөлшерде стихиялы сипат алады. Ересек қылмыскерлерге қарағанда жас құқық бұзушылар өзін қоршаған әлеуметтік ортамен тығыз байланысты. Бұл жөнінде белгілі ғалымдар (А. И. Долгова, О. Д. Ермакова, Н. В. Беляев) әлеуметтік орта мен жасөспірімнің арасындағы тығыз байланысты көрсеткен. Олардың пікірінше, әлеуметтік орта ретінде жанұяның рөлі зор.

Жанұя баланың өсуіне, қоғамға тигізер пайдасына көп көмегін тигізеді. Жалпы жанұя, бала жөнінде сөз болғанда үш тәсілді айрықша көрсету артық болмайды. Біріншісі, әлеуметтік-материалдық жағдай, екіншісі, жанұя бірлігі, үшіншісі, ата-ананың тәрбиеге көзқарасы. Соңғы екеуі баланың жанұямен бірлігін сипаттап, оның рухани тұрғыдан дамуына көп әсерін тигізеді.

Венгерлік ғалым М. Коломшидің пікірінше, «жанұя тұрмысының кейбір элементтері бала өмірінде шешуші рөл атқармайды. Ең басты шешуші болып табылатыны – барлық жеке бөлшектердің бірігіп, жанұя атмосферасына әсер етуі, жанұяның ауыз бірлігі».

Шынында да отбасындағы келеңсіз қылықтар, ұрыс-керіс, жанжал, айқай-шу – бәрі-бәрі баланың тәртібіне, тәрбиесіне кері әсерін тигізіп, нәтижесін береді.

Ішімдікке әуестену, есірткі шегу, төбелеске әуестену, қатігездік пен мейірімсіздік әсе келе оның әдетіне айналмасына кепілдік беруге болмайды.

Осыдан екі жүз мың жыл бұрын белгілі тарихшы Плутарх «маскүнемдер өмірге маскүнемдерді әкеледі» деп жазған еді. Көптеген зерттеулер көрсеткендей, жанұяда ішімдіктің жалғасын тапқанын көруге болады. Яғни, жанұяда атасы мен әкесі ішкен болса, 40-50 % жағдай олардың балалары ішімдікті көмелетке толмай татқанын көрсеткен [2].

Бала организмін күйректікке әкеп тірейтін нәрсенің бірі ішімдік болса, бұл өткен ғасырдың аяғындағы көрнекті дәрігерлердің тәжірибесімен дәлелденген. Организм қаншалықты жас болса, оның әсері де соғұрлым

жоғары болады. Әсіресе, ішімдіктің кері әсері 12, 13 жас аралығында жасөспірім организміне әсері зор. 12, 13-тегі жасөспірімнің арактың әсерінен есте сақтау қабілеті төмендейді, бойында немқұрайлық пайда болады, оқулықты нашар меңгереді. Сонымен бірге ішімдік жасөспірімнің сана-сезімінің жетілуіне, қалыптасуына зор зиянын тигізеді. Бұл оның айналасында болып жатқан оқиғаларға өз тұрғысынан баға беруін төмендетіп, мектептегі сабаққа бармауын қалыптастырады, бос жүріске, кездейсоқ ортаға әуестендіреді. Мұндай жат қылықтар баланың құқық бұзуына бірден-бір себепкер бола алады.

Жасөспірімдер құқық бұзушылығы жалпы қылмыстық құқық бұзушылықтың шытырман жақтарының бір ғана тұрақты жағын сипаттайтын құбылыс. Бұл тұрақтылық жасөспірімдер құқық бұзушылығы мен жасы толмағандар қылмысының сан-алуандылығынан көрініп, оның күн сайын есіп бара жатқандығына куәгер еткендіктен, оны болдырмау, алдын-алу шараларымен қоса, ағаттық істеген баланың жеке басының ерекшеліктерін, құқық бұзушылық себептерін ашуға жол ашады [3].

Баланың сана-сезімінің жан-жақты толысып, дүниеге көзқарасының өзгеріп, үлкен өмірге дайындығының аяқталатын кезеңі – жастық шақ. Жастық шақ етпелі кезеңмен тығыз байланысты. Жасөспірімнің жастық шаққа өтер кезеңі (11-13-15 жас) оның өміріне көп өзгерістер әкелері нақ. 12, 13 жастағы балалар организмі толық қалыптаспағандықтан, бұл оның сыртқы бет-әлпетіне де көп өзгерістер енгізеді. Сондықтан, жастық шақ өтпелі кезең аталып, кейде ата-аналар мен педагогтар үшін «қиын» баланың қалыптасуына әсер етсе, кейде «қиын» жас деген атауға иеленеді. Жасөспірімдердің алып-ұшына саналатын өтпелі кезеңде не нәрсеге болсын еліктегіш келетінін жан-жақты зерттеген ғалым Т. М. Якобсон, бұл жаста олардың құқық бұзушылыққа тез еріп кететіні ашып берді [4]. Өтпелі кезеңде жасөспірімдердің еліктегіш келетіні, жақсыға ұмтылу, ұқсағысы келетіні, көргенін қайталағысы келетіні белгілі. Өтпелі кезеңнің «құйын» сияқты өткініші елестерге толы болуы бала өміріне қауіп төндіреті де сондықтан. Жасөспірімнің еліктеуінің салдарынан құқық бұзуы, қызығушылығының әсерінен «қылмыс» істеуі көбінесе осы шақта жүзеге асса керек.

Жасөспірімдер қолымен жүзеге асқан құқық бұзушылықтар, көбінесе олардың ересектерге еліктеуінен болатынын дәлелдей түскеіндей. Мәселен, Өскемен қаласындағы көмелетке жасы толмағандар ісі жөніндегі инспекцияға соңғы жылдары есепке алынған балалардың жас мөлшері көбінесе, 10-13 жас аралығын қамтып, олар жасаған құқық бұзушылықтың ауыр түрі, ұрлық, тонау, бұзақылық, ара-тұра есірткі заттарды сақтау түрлерімен өсіп, аландатушылық туғызуда. Ал, Семей қаласында дәл осы



тектес қылмыстарды істеген жасөспірімдер санының өсуі де құқық қорғау органдарының қызметкерлерін бей-жай қалдырмай, алдын-алуға байланысты бұрыннан істеліп келе жатқан істерді күшейте түсуге итермелеп, нәтиже жаман еместігін көрсетті.

Құқық бұзушылық пен қылмыстылыққа барған жас балалар мен көмелетке жасы толмағандардың жат әрекетін зерттеуде психологтардың рөлі зор екені белгілі. Болгарлық психологтардың бір тобы (Г. Д. Пирвов және басқалар) 5-тен 7 жасқа дейінгі балалардың жас аралығын зерттегенде, нерв жүйесінің алып-ұшпа шағы көбінесе 5 жастағылар арасында көп кездесетінін атап өткен. Олардың жасы өсуіне байланысты алып-ұшпалықтың орнына бірқалыптылық тұрақтана бастайды [5].

Жалпы жастық шақтың ерекшеліктерін бірнеше топқа бөлуге болады:

- талап-тілек;
- қызығушылық;
- өмірлік жоспар мен көзқарастар;
- жалпы сипаттама.

Ішімдіктің жасөспірім өміріне зияны зор екендігін жоғарыда айтып кеттік. Жалпы ішімдікке әуестенген баланы дұрыс жолдан тайдырып, құқық бұзушылыққа итермелейді. 10-13 жастағы жасөспірімдердің басым көпшілігінің талап-тілектері шектеп шығын кеткендіктері, олардың ішімдікке құмарлығынан көрінсе керек. А. Вайсберг пен Ш. Тайбекова 556 қылмыстық құқық бұзушылық істегені үшін айыпталған 450 жасы толмағандардың 305 қылмыстық ісімен танысу барысында, 41 % бас бостандығынан айырылғандар қылмысты мас күйінде істесе, 72 % қамауға алынғанға дейін де, кейін де үнемі ішкенін айта келіп, олардың ішінде жасөспірімдердің болғанын атап өткен [6].

Белгілі ғалым А. Ф. Парнищев жасөспірім қылмыстық құқық бұзушылығының салалығын айта келіп, басты орынды тонау, ұрлық алатынын мәлімдеген. Ғалымның пікірі бойынша меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар, яғни қарақшылық, тонау 17 % болса, ал барлық балалар қылмыстық құқық бұзушылықтарының 65 % мүліктік сипат алып, оның бірде-біреуі материалдық жетіспеушіліктен істелмегенін дәлелдеген. Сонымен қатар, бас бостандығынан айырылғандардың 60 % құқық бұзушылық кезінде мас болған екен [2].

Ересектерге қарағанда жасөспірім құқық бұзушылығының ерекшелігі -ертеңгі күнгі не боларын ойламаушылық, мән бермеушілік. Кез-келген құқық бұзушылыққа барар алдында белгілі бір мақсат қоймайды, сондықтан, олардың қолымен жүзеге асқан жай әрекеттер көбінесе, бірден тұтанып, бірден іске асады. Е. В. Болдырев пен А. А. Герцензон ішімдіктің салдарынан

жасөспірім организмінің икемге келмей, ойына келгенін істеуін, содың салдарынан біреуге қайғы, өзіне сор әкелетінін жаза келіп, олардың қолынан мас күйінде қасақана түрде кісі өлтіру – 63 % зорлау – 30,4 % рет орын алғанын атап өткен [7]. Әрине, ішімдік үстінде ауыр қылмыстық құқық бұзушылық істеген адам жазасы ауырламаса, жеңілденбейді.

Жалпы құқық бұзушы жасөспірімге болашаққа деген белгісіздік тән. Осы орайда, Н. В. Лясс пен И. А. Солодкиннің зерттеулері олар жасаған қылмыстық құқық бұзушылық мүліктік болып келетінін айта келіп, құқық бұзуға себеп болған ниетті анықтаған.

Ғалымдар пікірінше, жасөспірімдердің қолымен асқан қылмыстар:

- бас пайдасын ойлау – 90 % ;
- достарына ергендер – 2 % ;
- қызық өмірге ұмтылушылық – 0,9 % ;
- басқа ниеттер – 3,8 % ;

сияқты қылмыстық әрекеттерді құрап, ерекшеленген. Бұл құқық бұзушы балалардың кері қылықтарын тағы бір жағынан ашып көрсетеді.

Сонымен, біздің ойымызша, құқық бұзушы балаларға аяусыздық, көрсеқызырлық, көре алмаушылық, менменшілдік, өтірік айтушылық тән болса, бұл ата-ана тарапынан олардың қадамына бақылаудың болмауы, неқұрайлы қарауы салдарынан болса керек.

Жасөспірімдер құқық бұзушылығының ішінде топтасқан қылмыстық құқық бұзушылық үлкен орын алады. Топтасып құқық бұзушылықты болдырмау, алдын алу шараларын іске асыру басты міндет.

Дао Чи Ук зерттеулері бойынша, бұзақылық, күш жұмсау, ішкі істер қызметкерлеріде қарсылық көрсету, алдап меншіктегі затты өзіне иемдену, есірткі алып сату осындай топтасқан топтармен жүзеге асады. Яғни мұндай қылмыстың 80 %-і балалардың топтасқан топтарымен жасалады [8].

Жасөспірімдер құқық бұзушылығы ересектер қылмыстық құқық бұзушылықтарынан ерекшеленеді. Ол екеуінің арасындағы айырмашылық жасөспірімдер құқық бұзушылықты жалғыз өзі сирек жасайды. Бұдан олардың өзіне деген сенімсіздігін байқай отырып, сенімсіздіктің ең алдымен ойлаған ойын іске асырмай күйреуіне әкелсе, екінші жағынан бала бойында қорқыныш тудырады. Үрейдің билеуі оның жат әрекетке жалғыз баруына тежеу болып топтасқан топқа кіруіне негіз болады. Күнделікті сандаған топтасқан құқық бұзушылық жүзеге асатын болса, А. Ф. Парнищевтің зерттеуі бойынша, бұндай топтасқан құқық бұзушылық жалпы қылмыстың 55 %-ін құрайды [2].

Өскемен қаласы Үлбі аудандық жасы толмағандар ісі жөніндегі инспекцияда жасөспірімдердің топтасқан құқық бұзушылығы жиілігімен



есепке алынған балалардан көрінеді. Олар топтасып өздері құралпы балалардан теңге тартып алу, машина әйнектерін шешіп алу, өткен-кеткен балаларды себепсіз ұрып-соғумен айналысқан. Бұндай әрекеттер тек 2011 жылы ғана 63 рет орын алып, 16,3 % екенін көрсетті.

Топтасқан қылмыстық құқық бұзушылыққа қыздардың да қатысуы өкінішті жай. Қыздардан құралған топтар ұлдардан құралған топтарға қарағанда берік болмайтыны дәлелді. Құқық бұзғаннан кейін мұндай топтар тез тарайды екен. Яғни, олар көбінесе 2-3 немесе 3-4 адамнан тұрады. Қыз балалардан мұндай топтардың ұйымдасуына себеп болған нәрсе бос жүріс, ішімдік, ата-ана тарапынан бақылау болмау.

Белгілі криминолог-ғалым, заң ғылымдарының докторы Елеген Ізтілеуұлы Қайыржановтың «кәмелетке толмаған құқық бұзушыны дұрыс жолға салып, қайта тәрбиелеу үшін оның жағымсыз жақтарын, ата-ана тарапынан бақылау болмауды білу аздық етеді» деген сөзі ойға оралады. Ғұлама ғалымның пікірімен келіспеске болмайды. Шынында да, кәмелетке толмағандардың құқық санасының жетілгендігін зерделеу үшін кешенді тәрбиенің болуы артықтық етпеген болар еді. Ондағы мақсат – жасөспірімнің құқықты нақты білуі, құқық туралы пікірі мен оған қойылатын талаптарын айқындай білуі, құқықтық білімінің жетілуі үшін үнемі ақпараттан құлағдар болуы – бәрі-бәрі өз нәтижесін берері сөзсіз. Сондай-ақ сауалнама жүргізу арқылы жасөспірімдердің өмірге деген көзқарастарын анықтап алудың да маңыздылығы зор.

Криминолог-ғалым, заң ғылымдарының докторы Елеген Ізтілеуұлы Қайыржанов жасөспірімдердің кезекті тобына сауалнамаларды таратып беру алдында зерттеуші пікір сұраудың мақсатын түсіндірсе жақсы болар еді деп атап өткен болатын. Бұл пікір дұрыс сияқты. Себебі, зерттеуші тарапынан жүргізілген сауалнаманың не үшін, қандай мақсатты көздейтіндігі, жасырындылығына кепілдік берілетіндігі ашық айтылғаны сауалнамаға жауаптың берілуі 100 пайызды құрап, уақыттың шығындалуы да көп болмауын қамтамасыз етері сөзсіз.

Сонымен бірге, қабылданған сауалнамамен жұмыс істеу тәртібі пікір сұрауға неғұрлым даярлығы жоғары зерттеушінің жүргізуін қажет етеді. Сауалнамалық пікір сұрау әдістемесін игермеген адамдарға, тіпті білікті заңгер немесе педагог болса да, пікір сұрауды тапсыруға болмайды. Айта кету керек, кәмелетке толмағандардан пікір сұрау кезінде зерттеушілерден өзге, (атап айтқанда, пікір сұраушыларды жақсы білетін педагогтар немесе өзге адамдар) адамдардың қатысып отырулары оларды ұялу сияқты күйге түсіреді. Сондықтан, пікір сұрауды оларға таныс емес адамның жүргізгені құба-құп.

Сауалнамамен жұмыс жасөспірімдер тарапынан қойылған сұрақтарға қалай дұрыс жауап беру, сауалнамада айтылған іс-әрекеттерді заңның қалай бағалайтыны жөнінде қызығушылықтарын туғызады. Бұл сауалнаманы толтырғаннан кейінгі өткізілетін әңгіме үстінде туындайтын қажеттіліктер бола қалса, туындаған сұрақтарды дұрыс жауапсыз қалдыру дұрыс емес. Бұл жерде әңгіме алдын ала көкейкесті проблемалар қойылып отырылған кәмелетке толмағандар туралы екенін есте ұстаған жөн. Сонымен бірге, әңгіме бірталай мәселелер бойынша жасөспірімдердің пікірлерін анықтауға, жекелеген жауаптардың уәждемелерін айқындауға мүмкіндік береді.

Біздердің тарапымыздан өткізілген сауалнама үш кезеңнен тұрып, ол мектеп оқушыларын, колледж оқушыларын және арнаулы тәрбиелеу мекемесінде жазасын өтеп жүргендерді қамтыды.

Жалпы сауалнаманың өзін құрастыру бірнеше кезеңнен тұрып, оның бірінші нұсқасын құрастырмас үшін 200-ге жуық жоғары сынып оқушыларының пікірлері сұралып, соның нәтижесінде сауалнама жан-жақты мәселелерді жинақтаған сұрақтарды қамтылды.

Жоғары сынып оқушыларына берілген сұрақтар мектеп, отбасы, қоршаған орта, достары, жеке «ішкі – сыртқы» әлемі, спортқа көзқарасы, өмірге, болашаққа көзқарасы, рухани байлығы, кітап пен баспасөз беттеріндегі ақпаратқа қызығушылығы, телеарнадағы бағдарламаларға жеке пікірі т.б. сияқты өзекті мәселелерді қамтып, оған алынған жауаптар жасөспірімнің жалпы болашағынан қандай үміт пен күдік тудыратынын анықтауға көмегін тигізді.

Сауалнаманың екінші нұсқасы колледж оқушылары мен кәмелетке толмағандарға арналған тәрбиелеу колониясында ұсталып отырылған құқық бұзушылар арасында жүргізіліп, 400 жасөспірімнің пікірлерін сұрау мүмкіндігі түсті. Бұл сауалнама колледж оқушыларының болашаққа белсенділігін көрсетсе, керісінше, арнаулы тәрбиелеу колониясында жазасын өтеп отырғандардың болашаққа бұлыңғыр қарайтындарына көз жеткіздік. Тек сұралғандардың 12 пайызы сенімді жауап беріп, бар жақсылық болашақта болатынына сеніп, өз көзқарасын дәлелдеді. Түйгеніміз, тәрбиелеу колониясындағы сауалнама нәтижесі-жасөспірімдермен тәрбиелік мақсаттағы жұмыстардың көп жүргізілуі қажеттігін айқындай түскендей.

Сауалнаманың соңғы үшінші нұсқасында 26 сұрақ қамтылып, оның алтауында қосымша сұрақтар берілді. Сауалнаманы толтыруға 40-45 минуттай уақыт кететіні ескеріліп, олар жабық және ашық қойылған сұрақтардан, бағасы берілген сұрақтардан құрылды. Жалпы сипаттағы сұрақтармен қатар сауалнамада сұрақ-тестілер де беріліп, сондай-ақ,

жекелеген «жанжалды» оқиғалар келтіріліп, осындай оқиға кезінде адамдардың мінез-құлықтарына баға беру үшін:

- а) дұрыс жасады;
- б) моральға жат қылық жасады;
- в) қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген жүйемен бағалау ұсынылды.

Жалпы сауалнама сұрақтары қылмыстық жауаптылық жасына; ересек және кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға қолданылатын жазаларға; бірқатар нақты қылмыстық құқық бұзушылықтардың жазалылығына, мас жағдайда қылмыстық құқық бұзушылық жасау фактісіне баға беруге, бірқатар қылмыстық құқық бұзушылықтардың ауырлығына баға беру; жазаның бұлтартпастығы туралы ұсыныстарды айқындауға; қылмыстық іс жүргізудің ашықтылығына байланысты болып, сауалнаманың қорытынды сұрақтары пікір білдірушілердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамаларына қатысты алынды.

Зерттеудің нәтижесі көрсеткендей, сауалнамаға жауап берген жасөспірімдердің басым көпшілігіне құқық білімділіктің жетіспеушілігі тән. Олай деуге себеп, жауап бергендердің көпшілігі қылмыстық жауаптылыққа тартылу неше жастан басталатынын білмеуі, ағат басып, қылмыстық құқық бұзушылық жасаса, қылмыстық жауаптылыққа тартылытынын білмеуі, білсе де, немқұрайлылық танытуы, жазалау тәртібі ересектерге де жасөспірімге де бірдей екендігін білмеуі.

Сонымен қатар, сауалнамаға жауап бергендердің 28 пайызы, мәселен, қарақшылық шабуыл жасалып, оны көзімен көрген адам хабарламаса да, полиция оны ашатындықтарына күмән келтіріп, «аша алмайды» деп жауап берсе, тек 17 пайызы ғана қылмыс «тез ашылады» деген сенімде болған.

Тәжірибе көрсеткендей, бұндай қарақшылық қылмыстық құқық бұзушылығының ашылмайтынына және жазаның бұлтартпастығына деген ерекше сенбестік сезім бөтен мүлікті ұрлағандары үшін сотталғандарға тән болып келетіні белгілі.

Ұрлық, тонау және қарақшылық шабуыл жасағаны үшін сотталған жасөспірімдердің мардымсыз пайызы ғана (4-тен 18-ге дейін) осы қылмыстық құқық бұзушылық тың тез ашылатынына сенімді.

Зерделеу көрсеткендей, қалада жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың басым бөлігін жасөспірімдер жасаған. Жасөспірімдер арасындағы қылмыстылықтың көп таралуына белгілі бір мөлшерде, біздің ойымызша, көптеген отбасыларында әкелерінің жоқтығымен де байланысты. Осындай отбасыларында олар үшін қажетті әкелік ықпал көрсетілмеген.

Көптеген отбасыларда өздерінің балаларының мінез-құлықтарына лайықты бақылау жасау болмаған. Бұл жөнінен, атап айтқанда, кәмелетке толмаған сотталғандардың 91 пайызы қылмыстарды кешкі және түнгі уақыттарда, яғни ата-аналары жұмыстан кейін үйлерінде болып, балаларының іс-әрекеттерін бақылауға мүмкіндіктері болған кезде жасаған. Қараусыз қалғандықтың кең таралуын, сондай-ақ, соңғы жылдары сотқарлықтары мен кезбелікке салынғандары үшін полицияның бөлімшелеріне жеткізілген кәмелетке толмағандар санының өсуінен де анық байқалады.

Қала мектептерінде «тәрбиесі қиын» жасөспірімдермен жекелей тәрбиелік жұмыстар жүргізілгенмен де өз нәтижесін аз берген. Әдеттегідей «тәрбиесі қиын» жасөспірімдер жұмысқа тартылмаған, оларға қызықты қоғамдық тапсырмалар сеніп беріліп, өз ұжымдарының мақсатты жұмыстарына қатыстырылмаған, осыдан келіп, олар өз мүдделерінің қанағаттандырылуын сырттан іздеген.

«Тәрбиесі қиын» балаларға жеке қамқорлық жасау барлық мектептерде жоспарланса да, іс жүзіне келгенде нашар жүзеге асырылған. Балалармен өткізілген әңгімеде тіпті олардың кейбіреулері өздерінің қамқоршыларын да білмеген. Жекелеген сынып жетекшілері де өз сыныбындағы «тәрбиесі қиын» балалардың қамқоршысы кімдер екенін және бұл қамқорлықтың мәнісі неде екенін білмей келген.

Мектептердің тексерулерінде «тәрбиесі қиын» балалардың отбасындағы тәрбиелік жағдайы жеткілікті зерттеліп, ата-аналарымен және олар жұмыс істейтін кәсіпорын, мекеме және ұйымдардың қоғамдық ұйымдарымен тұрақты байланыс жасамағаны белгілі болған.

Кәмелетке толмаған құқық бұзушыны дұрыс жолға салып, қайта тәрбиелеу үшін оның жағымсыз жақтарын ғана біліп қою аздық етеді. Бұл жерде белгілі бір жас аралығы (14-17 жас) үшін тән болып келетін өзіндік ерекшеліктерді және психологияның кейбір белгілерінің дамуын, психологиялық ерекшеліктеріне елеулі ықпал жасаушы оның нерв жүйесінің ұйымдастыру ерекшеліктері, сондықтан қоғамдық қауіпті іс әрекетте олардың бой көрсетуі ескерілуі қажет.

Колония тәрбиеленушілерімен жүргізілген жұмыс нәтижесі - кәмелетке толмаған сотталғандармен тәрбиешілер жұмыс істегенімен, іс жүзінде олардың нерв жүйесі мен психикасының жай-күйін мүлде ескермейтіндігін көрсетті. Шындығында, кәмелетке толмағандардың нерв жүйесі мен психикасының ерекшеліктері баса назар аударуды қажет етеді. Себебі, бала бойындағы ашушандық, долданушылық, қасарысушылық, инфарктылық, дөрекілік және басқалар сияқты қасиеттері көп ретте нерв жүйесінің жай-күйімен тығыз байланысты болып келеді.

Кәмелетке толмаған өзінің жеке басының ерекшеліктеріне қарай, кенеттен пайда болған құмарлықтың әсерімен қолсұғудың қандай бір салдары туралы ойланып жатпастан, қылмыс жасауға бейім тұратыныны белгілі. Оны ерекше ескеру қажет. Ал, шалықтаған эмоционалдылық және тежегіш реакцияның дағдылық процессінің тұрақсыздығы құқыққа қарсы қаскөйлік ниеттің қалыптасуы мен жүзеге асырылуында аз-кем рөл атқармайтынын да есте ұстаған абзал сияқты.

14-17 жас аралығында адамның ойлау қабілеті қайта құрылатынын, бала жасына тән түсініктері мен көзқарастары неғұрлым ойы толысқан, өзіндік (немесе өзінің дербестігіне талпынған) ой-өрнегімен, айналасындағы адамдарды және жағдайларды жаңаша бағалайтындығымен, өзін танытуға, өз алдына қызмет атқаруға ұмтылысы күшейетінін ескеру қажет. Осыған орай, бұрын және жаңадан пайда болған ұғымдары, бағалары арасында, жаңа ғана қалыптаса бастаған жаңа рухани ерекшеліктер мен балалық сотқарлықтың сипаты бар уәждемелері арасында қайшылықтар пайда болады. Осыдан келіп, пайымдаулары мен қорытындыларының қосарлануы, мінез-құлықтарының тұрақсыздығы, бағыттылықтарының және психологиялық өзге де ерекшеліктерінің тез өзгеріске ұшырайтынын есте ұстау керек.

Ресейлік Я. И. Гилинский өзінің жүргізген зерттеулерінде «жасөспірімдердің жоғары криминалды белсенділігін сипаттай келе, олар кез келген мемлекеттің болашағы, сондықтан, олардың күнделікті үйреншікті тәртібінен, өмір сүруінен, жеке басының саналылығынан болашақ қоғам, мемлекет тағдыры байланысты екенін, криминалды белсенділікті азайту үшін криминологиялық, әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық жағынан белсенді көңіл бөлу керектігін айтып өткен. Ғалымның пікірінше, сауалнама жүргізген дұрыс, бірақ, сол сауалнаманың нәтижесін нақты зерделеу арқылы болашақта қылмыстылыққа жол бермеу керек [9].

Шынымен де қазіргі жасөспірімдердің белсенділігі құптарлық нәрсе, десек те, сол белсенділіктің жат әрекеттерге бағытталмауы ең басты талап. Жасөспірімдердің өздерінің істеп жүрген істеріне, оқу мен еңбектеріне, кей кездері тұрып жатқан үй-жайына, өзінің мүмкіндіктерін көрсете алмағандығына көңіл толмауы – сол ең басты талапты орындауға кедергі жасайды. Көңіл толмаушылық жасөспірімдердің «зауқы» жоқтығымен емес, керісінше, кейбір объективті жағдайлардың болуымен түсіндірілетін сияқты. Қалай десек те, болашақ тағдырын тізгіндейтін жеткіншектердің өз тағдырына талғампаздықпен қарауы ересектерге байланысты. Ересектер тарапынан қадағалаудың басымдылығы-олардың тарапынан істелетін жат әрекеттерді де азайтар еді. Ересектер тарапынан қадағалаудың басымдылығы кәмелетке толмағандардың құқық санасын да зерделеуге көп көмегін тигізеді.

Ал, кәмелетке толмағандардың құқықтық санасының жетілуі қылмыстық құқық бұзушылықтардың да азаюына жол ашары, ықпал етері сөзсіз. Олай деуге толық негіз бар екендігіне, күмән жоқ екендігіне болашақта көз жеткізетін болармыз. Оған күдіктен үміт басымырақ.

Қалай десек те, болашақта санасы тұнық, ойы зерек жастардың көп болуы үшін құқықтық білімділікті арттырып, құқықтық сананы қалыптастырсақ, күдігіміз сейіліп, үмітіміздің ақталарына сенім мол.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Біз бұл мақалада кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтары мен оның себептерін белгілі ғалымдар еңбектеріне сүйене отырып, жан-жақты ашуға әрекет еттік. Жалпы қылмыстық құқық бұзушылықтардың, соның ішінде, кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтарының алдын-алу үшін ерте бастан олардың бойында құқықтық сана мен құқықтық білімділікті дарыту, қалыптастырудың маңызды екенін сараладық. Құқықтық сана мен құқықтық білімділік егіз ұғым. Сондықтан, оларды бөліп қарастырмай, құқықтық білімділік арқылы көрсете отырып, бүгінгі күннің күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселесіне өзіміздің де, көзқарасымыз тұрғысынан баға бердік.

### ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Сухомлинский, В. А. Таңдамалы шығармалар. – I том. – М., 1979.
- 2 Парнищев, А. Ф. О характере групповых преступлений совершаемых несовершеннолетними и вопросы уголовной ответственности соучастников преступления. – Преступления и ответственность. – Алма-Ата, 1971. – С. 28.
- 3 Белякова, А. М., Карев, Д. С., Орлов, В. С. Правовая охрана детства. – М., 1968. – С. 17.
- 4 Якобсон, Г. М. Эмоциональная жизнь школьника. – М., 1966. – С. 34.
- 5 Нарикбаев, М. С. Подросток и закон. – Алма-Ата, 1981. – С. 19.
- 6 Вайсберг, А., Тайбекова, Ш. Алкоголизм и преступность несовершеннолетних. – В кн.: Вопросы борьбы с преступностью несовершеннолетних. – Алма-Ата, 1968. – С. 49.
- 7 Болдырев, Е. В., Герцензон, А. А. Алкоголизм – путь к преступлению. – М., 1966. – С. 18.
- 8 Дао, Чи Ук. Борьба с преступностью несовершеннолетних в СРВ. – М., 1986. – С. 56.
- 9 Гилинский, Я. И. Преступность несовершеннолетних: криминологический анализ. – М., 2006. – С. 32.

Материал 09.02.17 баспаға түсті.

*P. A. Orsaeva*

**Формирование правового сознания у несовершеннолетних**

ВКГУ имени С. Аманжолова, г. Усть-Каменогорск.

Материал поступил в редакцию 09.02.17.

*R. A. Orsaeva*

**Formation of the sense of justice in minors**

S. Amanzholov East-Kazakhstan State University, Ust-Kamenogorsk.

Material received on 09.02.17.

*В статье рассматривается проблема правовых знаний и ее влияние на несовершеннолетних. Также рассматривается вопрос о предупреждении преступности среди несовершеннолетних.*

*In the article there is considered the crime amongst minor. The author considers the problems of the legal knowledge and its infusing to minor. Also, considers the question about warning criminality among minors.*

**ПРАВИЛА ДЛЯ АВТОРОВ**

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ ПГУ ИМЕНИ С. ТОРАЙГЫРОВА  
(«ВЕСТНИК ПГУ», «НАУКА И ТЕХНИКА КАЗАХСТАНА»,  
«КРАЕВЕДЕНИЕ»)**

Редакционная коллегия просит авторов руководствоваться следующими правилами при подготовке статей для опубликования в журнале.

Научные статьи, представляемые в редакцию журнала должны быть оформлены согласно базовым издательским стандартам по оформлению статей в соответствии с ГОСТ 7.5-98 «Журналы, сборники, информационные издания. Издательское оформление публикуемых материалов», пристатейных библиографических списков в соответствии с ГОСТ 7.1-2003 «Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления».

**Статьи должны быть оформлены в строгом соответствии со следующими правилами:**

– В журналы принимаются статьи по всем научным направлениям в 1 экземпляре, набранные на компьютере, напечатанные на одной стороне листа с полями 30 мм со всех сторон листа, электронный носитель со всеми материалами в текстовом редакторе «Microsoft Office Word (97, 2000, 2007, 2010) для WINDOWS».

– Общий объем статьи, включая аннотации, литературу, таблицы, рисунки и математические формулы не должен превышать **10-12 страниц печатного текста**.  
*Текст статьи: кегль – 14 пунктов, гарнитура – Times New Roman (для русского, английского и немецкого языков), KZ Times New Roman (для казахского языка).*

Статья должна содержать:

1. **УДК** по таблицам универсальной десятичной классификации;
2. **Инициалы и фамилия** (-и) автора (-ов) – на казахском, русском и английском языках (*прописными буквами, жирным шрифтом, абзац 1 см по левому краю, см. образец*);
3. **Ученую степень, ученое звание, место работы** (учебы), **город** (страна для зарубежных авторов);
4. e-mail;

5. **Название статьи** должно отражать содержание статьи, тематику и результаты проведенного научного исследования. В название статьи необходимо вложить информативность, привлекательность и уникальность (*не более 12 слов, заглавными прописными буквами, жирным шрифтом, абзац 1 см по левому краю, на трех языках: русский, казахский, английский, см. образец*);

6. **Аннотация** – краткая характеристика назначения, содержания, вида, формы и других особенностей статьи. Должна отражать основные и ценные, по мнению автора, этапы, объекты, их признаки и выводы проведенного исследования. Дается на казахском, русском и английском языках (*рекомендуемый объем аннотации – 30-150 слов, прописными буквами, нежирным шрифтом 12 кегль, абзацный отступ слева и справа 1 см, см. образец*);

7. **Ключевые слова** – набор слов, отражающих содержание текста в терминах объекта, научной отрасли и методов исследования (*оформляются на языке публикуемого материала: кегль – 12 пунктов, курсив, отступ слева-справа – 3 см.*).



Рекомендуемое количество ключевых слов – 5-8, количество слов внутри ключевой фразы – не более 3. Задаются в порядке их значимости, т.е. самое важное ключевое слово статьи должно быть первым в списке (см. образец);

8. **Основной текст статьи** излагается в определенной последовательности его частей, включает в себя:

– слово ВВЕДЕНИЕ / КІРІСПЕ / INTRODUCTION (нежирными заглавными буквами, шрифт 14 кегль, в центре см. образец).

Необходимо отразить результаты предшествующих работ ученых, что им удалось, что требует дальнейшего изучения, какие есть альтернативы (если нет предшествующих работ – указать приоритеты или смежные исследования). Освещение библиографии позволит отгородиться от признаков заимствования и присвоения чужих трудов. Любое научное изыскание опирается на предыдущие (смежные) открытия ученых, поэтому обязательно ссылаться на источники, из которых берется информация. Также можно описать методы исследования, процедуры, оборудование, параметры измерения, и т.д. (не более 1 страницы).

– слова ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ / НЕГІЗГІ БӨЛІМ / MAIN PART (нежирными заглавными буквами, шрифт 14 кегль, в центре).

Это отражение процесса исследования или последовательность рассуждений, в результате которых получены теоретические выводы. В научно-практической статье описываются стадии и этапы экспериментов или опытов, промежуточные результаты и обоснование общего вывода в виде математического, физического или статистического объяснения. При необходимости можно изложить данные об опытах с отрицательным результатом. Затраченные усилия исключают проведение аналогичных испытаний в дальнейшем и сокращают путь для следующих ученых. Следует описать все виды и количество отрицательных результатов, условия их получения и методы его устранения при необходимости. Проводимые исследования предоставляются в наглядной форме, не только экспериментальные, но и теоретические. Это могут быть таблицы, схемы, графические модели, графики, диаграммы и т.п. Формулы, уравнения, рисунки, фотографии и таблицы должны иметь подписи или заголовки (не более 10 страниц).

– слово ВЫВОДЫ / ҚОРЫТЫНДЫ / CONCLUSION (нежирными заглавными буквами, шрифт 14 кегль, в центре).

Собираются тезисы основных достижений проведенного исследования. Они могут быть представлены как в письменной форме, так и в виде таблиц, графиков, чисел и статистических показателей, характеризующих основные выявленные закономерности. Выводы должны быть представлены без интерпретации авторами, что дает другим ученым возможность оценить качество самих данных и позволит дать свою интерпретацию результатов (не более 1 страницы).

9. **Список использованных источников** включает в себя:

– слово СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ / ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ / REFERENCES (Нежирными заглавными буквами, шрифт 14 кегль, в центре).

Очередность источников определяется следующим образом: сначала последовательные ссылки, т.е. источники на которые вы ссылаетесь по очередности в самой статье. Затем дополнительные источники, на которых нет ссылок, т.е.

источники, которые не имели место в статье, но рекомендованы вами для кругозора читателям, как смежные работы, проводимые параллельно. Рекомендуемый объем не более чем из 20 наименований (ссылки и примечания в статье обозначаются сквозной нумерацией и заключаются в квадратные скобки). Статья и список литературы должны быть оформлены в соответствии с ГОСТ 7.5-98; ГОСТ 7.1-2003 (см. образец).

10. **Иллюстрации, перечень рисунков** и подрисовочные надписи к ним представляют по тексту статьи. В электронной версии рисунки и иллюстрации представляются в формате TIF или JPG с разрешением не менее 300 dpi.

11. **Математические формулы** должны быть набраны в Microsoft Equation Editor (каждая формула – один объект).

#### **На отдельной странице (после статьи)**

**В бумажном и электронном вариантах приводятся полные почтовые адреса, номера служебного и домашнего телефонов, e-mail (для связи редакции с авторами, не публикуются);**

#### **Информация для авторов**

**Все статьи** должны сопровождаться двумя рецензиями доктора или кандидата наук для всех авторов. Для статей, публикуемых в журнале «Вестник ПГУ» химико-биологической серии, требуется экспертное заключение.

**Редакция не занимается литературной и стилистической обработкой статьи.** При необходимости статья возвращается автору на доработку. За содержание статьи несет ответственность Автор. **Статьи, оформленные с нарушением требований, к публикации не принимаются и возвращаются авторам.** Датой поступления статьи считается дата получения редакцией ее окончательного варианта.

Статьи публикуются по мере поступления.

**Периодичность издания журналов – четыре раза в год (ежеквартально).**

Статью (бумажная, электронная версии, оригиналы рецензий и квитанции об оплате) следует направлять по адресу: **140008, Казахстан, г. Павлодар, ул. Ломова, 64, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, Издательство «Кереку», каб. 137.**

Тел. 8 (7182) 67-36-69, (внутр. 1147).

e-mail: [kereku@psu.kz](mailto:kereku@psu.kz)

Оплата за публикацию в научном журнале составляет **5000 (Пять тысяч) тенге.**

РГП на ПХВ Павлодарский  
государственный университет имени  
С. Торайгырова  
РНН 451800030073  
БИН 990140004654

АО «Цеснабанк»  
ИИК KZ57998FTB00 00003310  
БИК TSESKZK A  
Кбе 16  
Код 16  
КНП 861

РГП на ПХВ Павлодарский  
государственный университет имени  
С. Торайгырова  
РНН 451800030073  
БИН 990140004654

АО «Народный Банк Казахстана»  
ИИК KZ156010241000003308  
БИК HSBVKKZKX  
Кбе 16  
Код 16  
КНП 861



**ОБРАЗЕЦ К ОФОРМЛЕНИЮ СТАТЕЙ:**

УДК 316:314.3

**А. Б. Есимова**

к.п.н., доцент, Международный Казахско-Турецкий университет имени Х. А. Яссави, г. Туркестан  
e-mail: ad-ad\_n@mail.ru

**СЕМЕЙНО-РОДСТВЕННЫЕ СВЯЗИ КАК СОЦИАЛЬНЫЙ КАПИТАЛ В РЕАЛИЗАЦИИ РЕПРОДУКТИВНОГО МАТЕРИАЛА**

*В настоящей статье автор дает анализ отличительных особенностей репродуктивного поведения женщин сквозь призму семейно-родственных связей.*

*Ключевые слова: репродуктивное поведение, семейно-родственные связи.*

**ВВЕДЕНИЕ**

В настоящее время отрасль мобильной робототехники переживает бурное развитие. Постепенно среда проектирования в области мобильной ...

*Продолжение текста*

**ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ**

На современном этапе есть тенденции к стабильному увеличению студентов с нарушениями в состоянии здоровья. В связи с этим появляется необходимость корректировки содержания учебно-тренировочных занятий по физической культуре со студентами, посещающими специальные медицинские группы в...

*Продолжение текста публикуемого материала*

**ВЫВОДЫ**

В этой статье мы представили основные спецификации нашего мобильного робототехнического комплекса...

*Продолжение текста*

*Пример оформления таблиц, рисунков, схем:*

Таблица 1 – Суммарный коэффициент рождаемости отдельных национальностей

	СКР, 1999 г.	СКР, 1999 г.
Всего	1,80	2,22

Диаграмма 1 - Показатели репродуктивного поведения




Рисунок 1 – Социальные взаимоотношения

**СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ**

1 Эльконин, Д. Б. Психология игры [Текст] : научное издание / Д. Б. Эльконин. – 2-е изд. – М. : Владос, 1999. – 360 с. – Библиогр. : С. 345–354. – Имен. указ. : С. 355–357. – ISBN 5-691-00256-2 (в пер.).

2 Фришман, И. Детский оздоровительный лагерь как воспитательная система [Текст] / И. Фришман // Народное образование. – 2006. – № 3. – С. 77–81.

3 Антология педагогической мысли Казахстана [Текст] : научное издание / сост. К. Б. Жарикбаев, сост. С. К. Калиев. – Алматы : Рауан, 1995. – 512 с. : ил. – ISBN 5625027587.

4 [http://www.mari-el.ru/mmlab/home/AI/4/#part\\_0](http://www.mari-el.ru/mmlab/home/AI/4/#part_0).

*А. Б. Есимова*

**Отбасылық-туысты қатынастар репродуктивті мінез-құлықты жүзеге асырудағы әлеуметтік капитал ретінде**

Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті, Түркістан қ.

*A. B. Yessimova*

**The family-related networks as social capital for realization of reproductive behaviors**

A. Yesevi International Kazakh-Turkish University, Turkestan.

*Бұл мақалада автор Қазақстандағы әйелдердің отбасылық-туыстық қатынасы арқылы репродуктивті мінез-құлқында айырмашылықтарын талдайды.*

*In the given article the author analyzes distinctions of reproductive behavior of married women of Kazakhstan through the prism of the kinship networks.*

Теруге 20.02.2017. ж. жіберілді. Басуға 22.02.2017 ж. қол қойылды.

Форматы 70x100  $\frac{1}{16}$ . Кітап-журнал қағазы.

Шартты баспа табағы 9,6

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген М. А. Шрейдер

Корректорлар: Б. Б. Ракишева, А. Р. Омарова

Тапсырыс № 2988

Сдано в набор 20.02.2017 г. Подписано в печать 22.02.2017 г.

Формат 70x100  $\frac{1}{16}$ . Бумага книжно-журнальная.

Усл.п.л. 9,6. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка М. А. Шрейдер

Корректоры: Б. Б. Ракишева, А. Р. Омарова

Заказ № 2988

«КЕРЕКУ» баспасынан басылып шығарылған

С. Торайғыров атындағы

Павлодар мемлекеттік университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«КЕРЕКУ» баспасы

С. Торайғыров атындағы

Павлодар мемлекеттік университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@psu.kz